

## Сырым ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 113 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 мамырда № 5188 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы № 98 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 22.06.2020 № 98 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына және "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 шілдеде № 14010 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сырым ауданы бойынша тізімдік саны бар ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота жұмыскерлердің екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде белгіленсін.

2. Сырым ауданы әкімі аппаратының басшысы (Е.Сарсенов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Саркуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі*

*Т.Турегалиев*

Сырым ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 17 сәуірдегі

## Сырым ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота

№ р/ с	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота саны	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
1	Сырым аудандық білім беру бөлімінің "Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	52	2%	1
2	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Аралтөбе орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	54	2%	1
3	Сырым ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Сырым аудандық ветеринарлық станциясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	56	2%	1
4	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Жырақұдық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	56	2%	1
5	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Талдыбұлақ орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	62	2%	1
6	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Бұлан орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	2%	1
7	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Абай орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2%	1
8	Сырым ауданы әкімдігінің (шаруашылық жүргізуге құқылы) "Сырым" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	65	2%	1
9	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Қособа орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	66	2%	1
10	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін В.И.Шубин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	68	2%	1
11	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Абдолла Жұмағалиев атындағы Жосалы орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	81	2%	2
12	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін М.Қаналиев атындағы Алғабас орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	83	2%	2
13	"Сырым аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі	87	2%	2
14	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Сырым орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	88	2%	2

15	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Жанша Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	103	3%	3
16	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Бұлдырты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	106	3%	3
17	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	136	3%	4
18	Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің "Демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	165	3%	5
19	Батыс Қазақстан обысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Сырым аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	395,5	4%	16
	Барлығы	1851,5		49

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК